

**2007 жылғы 1 маусымдағы
сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы**

Страховые премии

2007 жылғы бес айда тура сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 54,0%-ға көп болып, 56 206,7¹ млн. теңге болды.


Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.06.2006.		01.06.2007.		01.06.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %-бен	Сомасы	үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	36 497,7	100,0	56 206,7	100,0	54,0
Міндетті сақтандыру	4 006,8	11,0	5 735,3	10,2	43,1
Ерікті жеке сақтандыру	4 177,0	11,4	6 414,5	11,4	53,6
Ерікті мүліктік сақтандыру	28 313,9	77,6	44 056,9	78,4	55,6

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 43,1%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 53,6%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 55,6%-ды құрады.

Структура поступивших страховых премий, %



2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге

¹ Сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлық ақыларын шегергенде көрсетіліп отыр.
сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 57,2% (3 281,8 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 26,3% (1 512,9 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 6,0% (343,7 млн. теңге) - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен түсімдерге келді.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 41,9% (2 687,2 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 29,7% (1 903,0 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 19,8% (1 267,2 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,7% (557,1 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүлдіктік сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 32,4% (14 261,9 млн. теңге) мүлдікті сақтандыру бойынша түсімге түскен, басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 30,8% (13 582,8 млн. теңге) түскен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) сақтандыру бойынша – 23,7% (10 446,0 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 6,2% (2 712,1 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.06.2006.		1.06.2007.		1.06.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	36 497,7	100,0	56 206,7	100,0	54,0
Өмірді сақтандыру	1 241,8	3,4	1 824,3	3,2	46,9
Жалпы сақтандыру	35 255,9	96,6	54 382,4	96,8	54,3


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 824,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 46,9%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті кезеңде 3,4%-ға қарсы 2006 жылғы 1 маусымда 3,2% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы бес айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 54 382,4 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 54,3%-ға көп.


Қайта сақтандыру Перестрахование

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 28 783,9

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"




млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 51,2%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 36,1%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 10 429,8 млн.теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2.122,8 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	млн. теңге			
	1.06.2006.	1.06.2007.		
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	19 172,6	52,5	28 783,9	51,2
резидент еместерге	16 669,0	45,7	20 269,0	36,1
резиденттерге	2 503,6	6,8	8 514,9	15,1
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	99,0	0,3	2 122,8	3,8

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 95,9%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,2%, міндетті сақтандыру бойынша – 1,9% болды.

Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың бес айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,5 есе өсіп, 11 310,9² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 13,6% (1 546,5 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.06.2006.		1.06.2007.		млн. тенге 1.06.2006 жылмен салыстырған дағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	4 616,2	100,0	11 310,9	100,0	в 2,5 раза
Міндетті сақтандыру	2 049,2	44,4	2 094,9	18,5	2,2
Ерікті жеке сақтандыру	652,8	14,1	1 398,4	12,4	в 2,1 раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 914,2	41,5	7 817,6	69,1	в 4,1 раза

1.06.2007ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:


міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 61,9% (1 296,9 млн. теңге) болса, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық

² Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр
² сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 30,3% (635,6 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 6,5% (137,2 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 74,3% (1 039,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,6% (190,1 млн. теңге) және аннуитеттік сақтандыру бойынша – 7,8% (109,4 млн. теңге) болды.

ерікті мүлдік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 82,9% (6 480,4 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 9,3% (576,3 млн. теңге), жүкті сақтандыру бойынша – 4,9% (385,8 млн. теңге) болды.



2007 жылдың бес айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 57,3% -ы болды.

Сақтандыру рыногы бойынша жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 40 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 5 - өмірді сақтандыру бойынша, 10 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокерлері және 37 актуарийлер лицензияланған қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.06.2006.	01.06.2007.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	39	40
резидент еместердің қатысуымен	6	10
өмірді сақтандыру бойынша	4	5
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	30	37

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 91 664,1 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.06.2006.		1.06.2007.		1.06.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Жиынтық активтер	86 262,1	100,0	152 347,6	100,0	76,6
Міндеттемелер	31 783,1	36,8	60 683,5	39,8	90,9
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	25 211,6	29,2	50 896,8	33,4	в 2,0 раза
басқа да міндеттемелер	6 571,5	7,6	9 786,7	6,4	48,9
Меншікті капитал (баланс бойынша)	54 479,0	63,0	91 664,1	60,3	68,3

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 маусымда 152 347,6 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 маусымдағы осындай көрсеткіштен 76,6%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.06.2006.		1.06.2007.		1.06.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	5 247,4	6,1	5 414,5	3,6	3,2
Орналастырылған салымдар	12 909,3	15,0	36 109,1	23,7	в 2,8 раза
Бағалы қағаздар	43 141,3	50,0	74 571,6	48,9	72,9
«кері РЕПО» операциясы	7 480,0	8,7	13 230,9	8,7	76,9
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	8 363,6	9,7	12 751,4	8,4	52,5
Негізгі қаражат	2 106,8	2,4	3 724,3	2,4	76,8
Материалдық емес активтер	178,6	0,2	323,6	0,2	81,2
Басқа дебиторлық берешек	2 919,3	3,4	3 321,7	2,2	13,8
Басқа активтер	3 915,8	4,5	2 900,5	1,9	-25,9
Активтер жиынтығы	86 262,1	100,0	152 347,6	100,0	76,6


млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.01.2007.		1.06.2007.		1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	25 554,5	24,3	36 109,1	29,1	41,3
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	18 470,3	17,6	18 543,9	15,0	0,4
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	54 905,8	52,2	62 601,9	50,5	14,0
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	6 139,5	5,8	5 295,9	4,3	-13,77
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	103,6	0,1	1 360,7	1,1	в 13,1 раза
Жиынтығы	105 173,7	100,0	123 911,5	100,0	17,8

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2007г. (%)



Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.06.2007г. (%)



Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 52,2%-дан 50,5%-ға дейін азайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 24,3%-дан 29,1%-ға дейін ұлғайды, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 17,6%-дан 15,0%-ға дейін төмендеді, шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздар үлесі 5,8%-дан 4,3%-ға дейін төмендеді.


Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногы шоғырлануының деңгейі артқаны байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 56,0% және сақтандыру төлемдерінің 80,7% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 48,9% құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.06.06	01.06.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	54,9	56,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	78,1	80,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	51,6	72,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	77,3	85,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	56,5	48,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,2	52,0

**Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов,
млрд. тенге**



Міндеттемелер. 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 90,9% өсе отырып 60 683,5 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 50 896,8 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 маусымда қалыптасқан резервтер көлемінен 2,0 есе артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 30 842,6 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.06.2006.	01.06.2007.
ЖІӨ, млрд. теңге	10 140 ³	12 464 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге	0,36	0,45 ⁵
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,54	0,74
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,85	1,22
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	2 385	3 674

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - Статистика агенттігінің деректері бойынша 2006 жылға болжамдық көрсеткіштер - прогнозный показатель за 2006 год по данным Агентства по статистике

⁴ - Статистика агенттігінің деректері бойынша 2007 жылға болжамдық көрсеткіштер прогнозный показатель за 2007 год по данным Агентства по статистике

⁵ - 2007 жылғы қаңтар-мамыр айларына қабылданған сақтандыру сыйақылары - страховые премии, принятые за январь-май 2007 года